"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/2188
26.04.2018ж

**«Құрылыс-сервис-СК»
ЖШС-нің директоры
Б.Ишмурзаевқа**

Сіздің 18.04.2018 жылғы №63 *(кіріс 3Т-И-738 18.04.2018ж)* өтінішіңізге, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай–Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылау бойынша «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен *(әрі қарай – Басқарма)* 2018 жылдың 6 ақпанда веб-порталға жарияланған №2266118-1 *«ОҚО Арыс қаласы, «Т.Тәжібаев атындағы отбасы үлгісіндегі балалар үйі КММ-н күрделі жөндеу»* хабарландыруы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасы шешімдерінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай-Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу» қағидаларының талаптарына (*әрі қарай - Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетеінің 2018 жылдың 28 ақпанындағы №КВГА-5-13/1432 хатына сәйкес Қағиданың 382 тармағы 2-тармақшасының 1 және 2 абзацтарында *«Консорциум конкурсқа қатысқан жағдайда конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу консорциялық келісімде айқындалған консорциум қатысушыларының біріне қатысты қолданылады. Бұл ретте шарт конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылған консорциумның қатысушысымен жасалады»* делінген.

Алайда, «Құрылыс-сервис-СК» ЖШС-гі бірлесіп жұмыс істеу мақсатында әлеуетті өнім беруші «Жедел Құрылыс» ЖШС-н консорциумдық келісімге тартқан.

Консорциялық келісімде өлшемшарттарды есептеу айқындалған консорциум мүшесі «Жедел Құрылыс» ЖШС-нің жұмыс тәжірбиесіне қатысты баллдары есептелген жағдайда осы әлеуеті өнім берушімен келісім шартқа тұрудың орнына

Консорциумдық келісімнің 7.2. тармағында барлық қаржылық қарым қатынастар «Құрылыс-сервис-СК» ЖШС-мен жүзеге асырылады деп көрсетілген.

Консорциумдық келісімнің 2,5 тармағына сай, шартты бағаға әсер ететін өлшемшарттар «Құрылыс-сервис-СК» ЖШС-нің өтініміне қатысты қолданылатыны көрсетілген.

Осыған орай, Қағидалардың 382 тармағына сай, «Құрылыс-сервис-СК» ЖШС-нің өтініміне қатысты шартты жеңілдіктер есептелген.

Жоғарыдағылардың негізінде, конкурстық комиссия Сіздің, консорциялық келісіммен «Жедел Құрылыс» ЖШС-нің жұмыс тәжірбиесіне қатысты баллдары есептемегендігі мемлекеттік сатып заңнамаларына қайшы келмейді.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Департамент
басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Келісілген А. Муратов

Орын.Умирбеков У.
Тел: 35-06-06